

ИНДЕР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

Индербор кенті

№ 10/1

27.09.2024 жыл

Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің 2023 жылы атқарған жұмыстары туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Индер аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің 2023 жылы атқарған жұмыстары туралы аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы А.А.Үмітқалиеваның баяндамасы мақұлдансын.

2. Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөліміне:

1) Арақ – шарап сататын сауда орындарының (алкомаркет) жұмыстарының заңдылық талаптарына сәйкестігіне зерделеу жүргізу;

2) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бөлім жұмысының ашықтығын қамтамасыз ету;

3) Тұз көлінің ластану фактілерінің анық – қанығын анықтау мақсатында тиісті мекемелермен бірлесіп жұмыстар ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Осы қарарда берілген ұсынымдардың орындалуына бақылау жасау және есептік мерзімге дейін кеңес хатшылығына ақпарат жолдау ұсынылсын.

Аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы



А.Балахметов